

## Мәдениет проблемаларының республикалық ғылыми орталығын құру туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 6 ақпан N 113. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.03.24. N 256 қаулысымен. ~P980256

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігінің Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігімен, Білім министрлігімен, Қаржы министрлігімен, Экономика министрлігімен келісілген Республикалық мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институтының, Республикалық халық шығармашылығы және мәдени демалыс қызметі орталығының, Мәдениет пен өнер оқу орындары жөніндегі республикалық әдістемелік кабинеттің негізінде Мәдениет проблемаларының республикалық ғылыми орталығын құру туралы ұсынысы қабылданын.

Орталықты ұйымдастыру Қазақстан Республикасының Мәдениет министрлігіне жоғарыда аталған мекемелерді ұстауға бөлінген қаржы және материалдық ресурстар негізінде жүргізілсін.

Халық шығармашылығы мен мәдени демалыс қызметінің облыстық орталықтары аймақтарда көркем шығармашылық пен мәдениет қызметкерлерінің біліктілігін арттыру жөніндегі ұйымдастырушылық-әдістемелік шараларды жүзеге асыратын болып белгіленсін.

2. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.23.

N 878 қаулысымен. P970878\_

3. Мәдениет проблемаларының республикалық ғылыми орталығы қызметінің негізгі бағыттары мыналар болып белгіленсін:

мәдениеттану зерттеулерін ұйымдастыру, мәдениет саласында әлеуметтік-экономикалық саясаттың маңызды мәселелерін талдау;

ұлттық мәдениеттің қайта өрлеу бағдарламаларының жобаларын әзірлеу, мәдениет процестерінің динамикасын зерттеу мен болжау;

мәдениет пен өнер мекемелері жұмысының қазіргі кездегі нысандары мен әдістерін анықтау және іс жүзіне енгізу;

халық шығармашылығын дамыту;

мәдениет және өнер мекемелері мен оқу орындарын ғылыми-әдістемелік әдебиетпен және оқу әдебиетімен қамтамасыз ету; кадрларды қайта даярлау мен

біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

4. Басшы қызметкерлерге, құрылымдық бөлімшелер басшыларына, ғылыми қызметкерлерге, профессорлық-оқытушы құрамға жоғары оқу орындарына белгіленген еңбек ақы төлеу шарттары;

мамандарға, методистерге және қызмет етуші құрамға

мәдени-ағарту мекемелері қызметкерлеріне белгіленген еңбек ақы төлеу шарттары қолданылсын.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі бір ай мерзім ішінде Мәдениет проблемаларының республикалық ғылыми орталығының құрылымын бекітсін.

6.

<\*>

ЕСКЕРТУ. 6-тармақтың күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.05.23.

№ 878 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі